- уранның алу дәрежесін 80-90 % ға жеткізу үшін өнімділік ерітінділерде қалдық қышқыл құрамында күкірт қышқылы 1-1,5 г/л ден кем болмауы керек.

5 Сілтілеу технологиясы

Жерасты ерітінділеу пайдалану алаңдарынан өнімді ерітінділер тұндыру ыдыстары арқылы технологиялық қайта бөлу жүйесіне келіп түседі. Бұл жүйе өзіне мынадай тораптарды біріктіреді: өнімді ерітінділерді сорбциялы өңдеу, уранды смоладан десорбциялау, сорбентті регенерациялау, тұндыру және сүзгілеп сығу арқылы химиялық концентрат алу.

Сілтілеу - қатты денеден реагент ерітінді көмегімен сұйыққа бір немесе бірнеше компоненттердің ауысуының химиялық үрдісі.

Жерасты сілтілеу-кен жер бетіне шығармай ,реагент ерітінді көмегімен пайдалы компоненттерді өндірудің химиялық әдісі.

Ұңғымалық жерасты сілтілеу-(ҰЖС)технологиялық ұңғымалармен ашылған және арнайы жұмыс комплексімен (кешенімен)орындалған сілтілеуге дайындалған кенді денелерде табиғи жағдайда кендерді өңдеу үрдісі.Ол айдау ұңғымалары арқылы ерітінділерді айдауға және сору ұңғымалары арқылы арқылы ерітілген пайдалы қазбаны шығаруға үрдіс жүру дұрыстығын бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді.Жер қойнауындағы кенді толық өңдеуді де қамтамасыз етуі мүмкін [7].

Технологиялық (жұмыс) ерітінді –реагенттер мен олар енгізетін ортамен әсерлесетін өнімдердің сулы ерітіндісі (кен мен кіріктіруші жыныстар) Жерасты сілтілеуде технологиялық ерітінділер жіктеледі: сілтілеуші, өнімдік, қалдық, лықсыма.

Сілтілеуші ерітінді (СЕ)-айдаушы ұңғымаға берілетін,құрамында пайдалы қазбаны алуға (шығаруға) қажетті заттары (қоспалары) бар ерітінді

Өнімдік ерітінді (ӨЕ)- сілтілеуші ерітіндінің кен минералдары мен өнімдік горизонттағы кіріктіруші жыныстардың физика-химиялық әсерлесуі нәтижесінде жер қойнауында қалыптасқан ерітінді. Құрамында концентрациясы өндірістік ең кішіден (мәннен) жоғары пайдалы қазба (қазбалар) бар

Қалдық ерітінді-өнімдік ерітінді ,одан пайдалы компонент алынады.Қалдық ерітінді оны шаймалаушы реагенттермен бекіту жолымен сілтілеуші ерітіндіні дайындауға қолданылады.

Лықсыма ерітінді-сол немесе басқа себептерге байланысты , сілтілеуші ерітіндіні дайындауға қолдануға болмайтын қалдық ерітінді.Лықсыма ерітінді гидрографиялық желіге сәйкес тазалаудан соң ғана бағытталуы мүмкін.

Технологиялық ерітінді бағыты- белгілі уақыт аралығында біруақытта айдау ұңғымасына берілген технологиялық ерітінді порцияларының кеңістіктік орны (жағдайы)

Дәстүрлі қышқылдану - айдау ұңғымаларына сілтілеуші ерітінді айдайды және біруақытта сору ұңғымаларынан сорылады.

Алдын-ала қышқылдау - сілтілеуші ерітінді сору, айдау, ұңғымаларына беріледі, бірақ мұнда ешқандай әрекеттер жүрмейді.

Негізгі технологиялық параметрлер **ҚОСЫМША Д** көрсетілген

6 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

6.1 Қауіпті өндірістік айғақтарды талдау

Мыңқұдық кенорнының уран кенішін пайдалану «Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кенорындарын жерасты тәсілімен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті, заңдарының талаптары негізінде жүргізіледі.

Өндірістегі қауіпсіз еңбек ету жағдайлары міндеттік нұсқаулар мен техника қауіпсіздігі нұсқауларымен тиімді қауіпсіздікпен, өндірістік санитария және орталық қауіпсіздігімен анықталады. Қызметкерлер апат жағдайында негізгі істейтін ережелер «Апаттарды жою планында» және Мыңқұдық кенорнының №2 аймағының уран кенішінің апат жағдайынан тоқтап қалудағы шаралар планында көрсетілген.

Құрылыс және пайдалану жұмыстарының қауіпсіздігі техникалық жобада көрсетілген шаралармен қарастырылады.

Жұмыс процесінде қолданылатын өртке қауіпті радиационды қауіпті және улы заттардың болуы қызметшілердің еңбек етуі үшін сәйкес жағдай жасауды талап етеді.

Мекемеде арнайы міндетті және қызметтік нұсқаулар жасалған, мұнда келесі жағдайлар көрсетілген:

- қызметкерлердің міндеттері мен өзін ұстау ережелері;
- жұмыс жүргізу реті ;
- аумақтарда жұмыс жүргізу кезінде улы және тиімділікті бақылауды ұйымдастыру және реті;
- қызметкерлерді, тұрғындарды радиомуклиттер қоршаған ортадан қорғау шараларын орындау реті.

Арнайы көлік пен құрылғыларды дезактивацияланғанда қауіпсіздікпен қамтамасыз ету шаралары.

Күкірт қышқылының резервуарларында күкірт қышқылының аэрозольдерінің лақтырылын төмендету үшін К - 810 типті ауа кептіргіштер қолданылады

Санитарлы - қорғаныш зонасының шекарасында атмосфералық ауалық жағдайын бақылау аккредитирленген зертханада жүргізіледі.

6.2 Қызметкерлерді қорғау шаралары

Шаң және аэрозольдармен күрес ерекше мәнге ие. Әдеттегі өндірістерде еленбейтін көрініс болып табылатын шаң көздері уран өндірісінде аса қауіпті болуы мүмкін. Мысалы, әдеттегі жай жарық сәулесінде ғана көрінетін, құрамында уран бар шаң, қауіпсіз жұмыс мөлшерінен шамамен 1000 есе асып түсетін зиян көзі болып табылады.

Шаң және аэрозольдармен күресу үшін қандай шаралар қолданылады? Ол шаралар бірнешеу және олар бір-бірін өзара толықтырады.

1) Жабық герметикалық жүйелерді қолдану, құрамында уран бар заттарды адамдардан тұтас және мүлдем аластату.

2) Жергілікті сорып алатын, желдеткіштермен қамтамасыз етілген қондырғыларды қоршап қою.

3) Қондырғылар мен құрал-жабдықтардың тығыз орналасуын болдырмау, шаңдардан жиі-жиі және мұқият тазалау үшін аспаптар мен бөлме қабырғаларының ашық болуы.

4) Бөлімшеде сүзгіден өткен таза (қыс мерзімінде жылы ауа) ауа беретін және бөлініп шығатын ауаны шаң мен аэрозольдардан тазартатын - ауа әкеліп және ауаны сорып шығаратын қуатты жалпы желдеткіш болуы.

5) Шаң тудыратын жұмыстар үшін жергілікті сорып алғыштар, сорып шығаратын сапалы аспаптардың болуы.

6) Технологиялық үрдістерді барынша механизациялау, автоматтандыру және қашықтық басқару.

7) Қызметкерлердің өнімді ұстауын болдырмау.

Циклон жүйесін, ылғалды және көбікті скрубберлерді, жуып тазартқыштарды, абсорберлерді, мақта талшықтарынан жасалған арнайы сүзгіштерін және т.б. пайдалану.

Уранмен жұмыс істейтін адамдарға арналған сәуле алудың рұқсат етілген сыбағасы мөлшеріне (РЕДМ) сәйкес келетін тірі ағзамдар мүшелері мен денелерінде уран болуының қатаң рұқсат етілген шектері, сондай-ақ жұмыс бөлмелері ауасында уран үйірімі таралуының шектік мөлшері заң бойынша бекітілген 7.1 кестедегідей.

Ескерту. Табиғи уранның ерітінді түрінде химиялық улылығына байланысты уранның ерітілген түрінің кез-келген изотоптық құрамын дем алып жұту тәулігіне 2,5 мг-нан аспауы керек, ал ерітілген уранды тамақпен бірге қабылдау, тәулігіне 150 мг-нан артық болмауы керек.

Жылдық орташа мүмкін үйірім (ЖОМУ) атмосфералық ауада және айналадағы орта суында $7 \cdot 10^{-6}$ және 1.7 мг/л-ден артық болмауы керек. Сулар үшін уранның шекті мүмкін үйірімі (ШМУ) 0,05 мг-л деп бекітілген. Жұмыс бөлмелері ауасында және ауаға шығатын газ –түтінде, қоқыстарда уран гексафториді болуының шекті мүмкін мөлшері қатаң түрді 0,0002 мг/м³ болуы қажет.

6.1 кесте – Табиғи уранмен жұмыс жасау кезіндегі қызметкерге арналған радиациялық қауіпсіздік мөлшері

Әлсіз мүше	Әлсіз мүшедегі РЕДМ-ге сәйкес келетін уран мөлшері, мг	Жыл бойы түсудің (тыныс жолдары арқылы) мүмкін шегі, мг	Жұмыс бөлмелері ауасындағы жылдық орташа мүмкін үйірімі, мг/л
Бүйрек	0,92	550	$2 \cdot 10^{-4}$
Өкпе	-	480	-

Қауіпсіз жұмыс жасаудың екінші маңызды шарты – бұл өндірісті пайдалануды дұрыс ұйымдастыру. Өндірістік жағдайлардың мазмұнына және кестеге сәйкес тұрақты жинастыруларға көңіл бөлу керек.

Уран өнеркәсіп кәсіпорындары үшін дезактивтейтін ерітінділерді (сода және т.б.) қолдану арқылы ылғалдық жинастыру (жуып-тазалау) қарастырылады. Өндірістік ерітінділер мен ұнтақ тәріздес қатты өнімдердің кездейсоқ төгілген және шашылған қалдықтары тез арада жойылуы керек. Едендердің, қабырғалардың, аспаптардың және т.б. бекіті қабатындағы радиоактивті ластар анықтау шараларымен, бақылау көмегімен жүйелі түрде тексеріледі. Еңбек тәртібі - бұл қызметкерлердің өндірістегі кең көлемдегі ережелер мен мінез-құлықтары орындаудан тұратын ережелерді сақтау. Мұндағы басты нәрсе-бұл техника қауіпсіздігін кішігірім бұзуға қатысты мәселелерге жауаптылықпен қарау және төзуге болмайтындыққа тәрбиелеу.

Санитарлық өткізгіш үлкен санитарлы – гигиеналық мәнге ие. Қазіргі уақытта, бұрынғыдай бөлім ішінде құрылған жеке кішігірім киім ауыстыруға емес, барлық зауытқа немесе бөлмелер тобына арналған орталықтандырылған және жақсы жабдықталған санитарлық өткізгіш болуы лайықты деп танылды. Санитарлық өткізгіш құрамы: үй киіміне арналған гардероб, қызметкерлердің толық құрамы үшін жеке шкафтары бар өндірістік киімдерге арналған гардероб; сменадан шыққан жұмысшылардың міндетті түрде өтуін қарастыратын жеткілікті комплектілі душ, қол және барлық дененің радиоактивті лас заттарға қатысты тазалығын бақылауға арналған дозиметриялық пункті; қажетті құралдары бар дезактивация пункті; қосымша арнайы киімдер сақтау орны; арнайы киімдерді күнделікті жөндеуге және т.б. арналған бөлмелер.

6.2 кестеде табиғи уранмен жұмыс істейтін адамдар терісінің үстіңгі қабатының ластануының, сондай-ақ жұмыс бөлмелері мен көлік құралдарының бекіті қабаттарының жоғарғы рұқсат етілген деңгейі көрсетілген.

6.2 кесте – Жұмыс орындарының ластану мөлшері

Ластану орындары	α -сәуле таратушы нуклидтер	β -сәуле таратушы нуклидтер
Қызметкердің терісінің беткі қабаты	1	$2 \cdot 10$
Жұмыс бөлмелерінің беткі қабаты: қызметкердің тұрақты келіп-кететін орны	5	10^3
жартылай қызмет жасайтын орны	$5 \cdot 10$	$4 \cdot 10^3$
Ғимарат ішіндегі тасымалдауға арналған көлік құралдары	10	10^2

Әдетте кәсіпорында арнайы жуатын орындар болады, онда барлық арнайы киімдер дезактивтейтін құралдар мен арнайы режимдер арқылы

тазаланатын. Бұл арнайы киімдерді әрбір 4-5 күнде, ал қажетті жағдайларда күнделікті толық ауыстырып тұруға мүмкіндік береді.

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау үшін жеке гигиенаны ұстау, арнайы киімдерді, душты дұрыс пайдалану, дене мен қолдың тазалығына өзіндік бақылау жасау орасан зор мәнге ие.

Өндіріс аймағында тамақ ішу және темекі тартуға қатаң тыйым салынады.

Су ішу тек қана су ішетін кішкентай фонтандарды пайдалану жолымен ғана рұқсат етіледі. Косметикалық заттарды қолдану да аса күшті шектелген.

Жеке гигиенаны сақтау тек қана өндіріспен шектелмейді, ол өмірдің жалпы режиміне, дұрыс демалу, спортпен айналысу, артық нәрселерді шектеу, жақсы көңіл-күйді қолдау және т.с. да қатысты.

Уран өндіруші кәсіпорындардың зиянды бөлімдерінің жұмысшылары күнделікті күшейтілген, ақысыз арнайы тағамдар алуды және қысқартылған жұмыс күндерін, қосымша демалыс жүйелерін, санаторийлер мен демалыс үйлеріне барудың артықшылықтарын пайдаланады. Сонымен бірге, жұмысшылардың бұл тобына арналған көптеген жеңілдіктер бар, олар ерте жастан зейнетақымен және оның бірнеше көбейтілген мөлшерімен қамтамасыз етіледі.

Медициналық бақылау нәтижелері – жұмысқа қабылдау кезінде өндіріске жіберудің негізі болып табылады. Қажет болғанда жұмыс істейтін қызметкерді белгілі бір уақытқа дейін өндірістен шығару қолданылады. Бұл жағдайда, өндіріс жағдайларының денсаулыққа асқын түрде әсер етуін ескертетін алдын-ала шараларына басты назар аударылады.

Уран өндіруші кәсіпорында, кәсіпорындағы радиологиялық және жалпы санитарлық қал-жағдайда қатаң бақылауды жүзеге асыратын дозиметриялық қызмет көрсету құқықтары пайдаланады. Бұл нағыз «денсаулық қызметі», оның функцияларына технологиялық үрдіспен байланысты арнайы өнімдер немесе жабдықтармен жұмыс жасауға рұқсат беру не тыйым салу жатады. Дозиметриялық қызметтің міндеттері: санитарлық ережелердің орындалуын бақылау; ауаның, жарамсыз сулардың, бөлмелердің, аспап-құралдардың, жұмысшылардың арнайы киімдері мен денелерінің тазалық деңгейін бақылау; жұмысқа жіберу жүйесін ұйымдастыру және бақылау; желдеткіштер жұмысына бақылау жасау; жабдықтар мен жұмыс алаңдарын дезактивтеуді бақылау; еңбек ету шарттарын жасау және олардың жүзеге асырылуына бақылау жасау; қызметші қабылдаған сәуле қабылдаудың жеке сыбағаларын (СКЖД) өлшеу; апаттар мен жазатайым оқиғаларды тексеруге қатысу; медициналық тексеруден өту мәселесін бақылау; кәсіпорындағы санитарлы-гигиеналық хал-ахуалды және еңбек ету шараларын жетілдірудің басқа да шараларына қатысу.

6.3 Ұйымдастыру шаралары

Барлық жұмысшылар, кен басқармасына жұмысқа қайта қабылданушылар, еңбекті қорғау бөлімінде медициналық комиссия мен кіріспе

инструкциямен танысу өтеді. Инструкциямен танысқаннан кейінгі қалған түрлері (алғашқы, қайталану) бөлімдердің өзінде өткізіледі. Ұжымдық келісім шартта жұмысшылардың, қызметкерлердің және ИТЖ мамандарының тізімі айтылған, зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін, сонымен бірге өте ауыр және өте қауіпті еңбек жағдайында жұмыспен қамтылған ИТЖ, қызметкерлер және жұмысшылардың мамандықтарының тізіміне, қаралған ережелерге сәйкес сүт пен (ЛПП) емдік профилактикалық тамақтану беру қарастырылған.

Кен басқармасында барлық жұмысшылар, қызметкерлер және ИТЖ, қауіпті және өте қауіпті еңбек жағдайында еңбек етушілерге арнаулы киімдер мен арнаулы аяқ киіммен, сонымен бірге жеке қорғану құралдарымен, белгеленген ережеге сәйкес толық қамтамасыз етіледі. Кен басқармасында, жұмысшылар, қызметкерлер және ИТЖ, қауіпті және өте қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істеушілер жыл сайын, медициналық профилактикалық байқаудан өтеді. Міндетті түрде профилактикалық байқаудан өтуге тиіс адамдардың тізімі аудандық медикаменттер мен келісіліп, кен басқармасының директоры бекітеді. Сырқаты бар жұмысшыларға медсанбөлімінде профилактикалық ем көрсетіледі, сонымен бірге кеніштің тікелей өзінде, осыған байланысты фельдшерлік пункттер жабдықталған. Алматыда, Таразда, Шымкентте жұмысшылар тексерілуден және емделуден ЖАҚ "Экополис" келісім шартына сәйкес өтеді.

6.4 Механикалық зақымнан сақтау

ӨЕҚТ-де барлық алаңдар еденнен 60 см астам биіктікте, баспалдақтар жолдары, люктер 1 м биіктіктен аспайтын сүйеніштермен қоршалған, баспалдақтар көлбеуі 40° аспайды. Еден жабындысы тегіс, көлденең, тазартуға ыңғайлы, табалдырықсыз және берік, төзімді және тайғанақ, сырғанақ емес. Еден диэлектрлі, жалын өткізбейді, майтұрғыш, химиялық мықты, сұйық ағар тетіктері бар.

Машинаның механизмдерінің барлық қозғалатын бөліктері иілгіш, берілістер тормен қоршалады, темір жабындылы кожухпен қапталады. Жабдықтардың механизмдерінің қозғалмалы бөліктерінің жанынан 1,2 м аз болмайтын өту жолдары қарастырылған.

Сорғытылған зумпфтар, ұралар және арықшалар механикалық реметкалармен жабылған.

Көпірлік кран және кран-балкаларда дабыл (дыбыс беретін) және шамшырақтар (светильниктер) кранның жұмыс істейтін аймағын жарық беріп тұру үшін орнатылған. Механизмдерді қосу және ажырату жарық және дыбыс сигнализацияларымен іске асады. Бақытсыз жағдайларды болдырмау үшін құлыптану мен мехнизмдер ақаумен болған жағдайда апаттық тоқтату мүмкіншілігі бар. Барлық технологиялық операцияларда саңылаусыз жабдықтар орнатылады. Зиянды бу мен газ бөлетін жабдықтар сорғыштармен

камтылады. Тазартылғаннан кейін сорылған ауа сорынды ауа жүйесі арқылы сорынды құбырынан өтіп атмосфераға жіберіледі.

6.4 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Электр энергиясын кең қолдану ӨЕҚТ-да электрқауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті қояды, яғни адамдарды электр тоғынның, электрлі доғаның, электромагнитті аймақтың және статикалық электрдің зиянды және қауіпті әсерінен қорғайтын ұйымдастыру және техникалық шаралардың жүйесі және заттарын жасау.

Жобада электрқұрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мынадай қорғаныш заттары қарастырылған: оқшаулаушы құрылғылар мен жабындылар; аппараттар мен қоршауларды құлыптау, қате операцияларды алдын-алу үшін; кенеттен кернеудің әсерінде қалған электр жабдығының бөлігін немесе тораптың бөлімшесін автоматты ажырату құрылғысы; қорғаныш жерге қосу және нөлге бару. Потенцияларды теңестіретін құрылғы және кернеуді азайтқыш; сақтандырғыш құрылғылар; найзағайтартқыштар, сонымен бірге электрқорғағыш заттар.

6.5 Аймақта технологиялық қондырғыларды бақылау

- аймақта технологиялық қондырғы бөлмесінде жұмыс істейтін персоналдардың сыртқы облучение мөлшерін бағалау;
- персоналға радионуклидтердің ішкі аэрозольді түсуін бағалау;
- технологиялық үдірісте қолданылатын улы химиялық заттармен ауаның ластану деңгейін бағалау;
- жабдықтармен және радиоактивті заттармен өндіріс бөлмелерінің үстіңгі қабатының ластану деңгейін бағалау;
- аймақтың өнеркәсіп алаңындағы өнімді және шайқалған ерітінділер жеткізілетін құбырлар бойында уранмен қаныққан сорбент жеткізілетін жолдарға жердің радиоактивті және улы химиялық заттармен ластану деңгейін бағалау;
- ластанудың өнімді және болжамдық таратылу шегінен өзге жерасты суларының барлық сулы қат-қабаттарының ластану деңгейін бағалау;
- бақылау “Жерасты шаймалану өндірісіндегі қоршаған орта мен еңбек жағдайын бақылау жөніндегі әдістемелік нұсқауға” сәйкес жүргізілуі тиіс.

6.6 Радиациялық қауіпсіздік

Жерасты шаймаланудың (ЖШ) технологиялық үдірісті өндіру объектілері мен қоршаған ортаның радиоактивті және химиялық ластануын тоқтатуды өте жоғары деңгейде қамтамасыз етуі тиіс. Бұл нысандар тиісті органдар тарапынан тұрақты бақылауға алынған.

- жш өндірісі персоналдарын жұмыс жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі жағдайымен қамтамасыз ету;

- жұмыс жүргізу және оны аяқтағаннан кейінгі кезеңде қоршаған орта халқын өмір сүру қауіпсіздігі жағдайымен қамтамасыз ету;

- жұмысты аяқтағаннан кейін сол аймақты күнделікті шаруашылық қолданысына қайтарып беруге мүмкіндік ашатын қоршаған орта объектілерінің жағдайымен қамтамасыз ету болып табылады.

7 Экономика және өндірісті ұйымдастыру

7.1 Қызметкерлер саны. Еңбекті ұйымдастыру. Басқару жүйесі

Табиғи уранды ұңғымалар арқылы жерасты сілтілеу әдісімен алатын кешенінің өндірістік қызметі еңбек процесінің бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады.

Біріншіден: атқарылатын жұмыс ауқымының кеңдігі: ұңғымалар қазу, тиеу-түсіру тасымалдау жұмыстары және ерітінділерді химико-технологиялық қайта өңдеу.

Екіншіден: Радиоактивті және улы заттармен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттігі.

Осы жұмыстардың бәрін бір басқару орталығына біріктіру қажет.

Жұмыс режимі жерасты ерітінділеу полигонының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей болып қабылданады.

Зиянды жұмыс жағдайындағы күндізгі ауысымдағы персонал үшін:

- ауысым ұзақтығы - 8 сағат;
- апталық мерзімі - 36 сағат;
- бір жылдағы жұмыс күндері - 256.

Жерасты ерітінділеу кешендері үшін басқарудың сызықты-функциональды құрылымы қабылданған:

Жерасты ерітінділеу кешені → учаске → бригада → жұмыс орны.

Еңбекті ұйымдастырудың негізгі формасы болып, өндірістік бригада қаралады. 9.1 кестеде көрсетілгендей.

7.1 кесте – Аймақтық геотехникалық алаңның штатты күнтізбесі

к/с	Мамандық атаулары	Разряд	Келу саны		Тізімдік саны
			Ауысымда	Тәулігіне	
1	ГТА бастығы	ИТЖ	1	1	1
2	Технолог	ИТЖ	1	1	1
3	Мастер-технолог	ИТЖ	1	2	3
4	Құбырларды қалпына келтіру мастері	ИТЖ	1	1	1
5	Электромеханик	ИТЖ	1	1	1
6	ГТП операторы	5-6	1	2	3
7	Тех-қ қондырғыларды жөндеу слесары	4-6	11	11	14
8	Газоэлектросварщик	4-6	2	2	2
9	Электрослесарь	5-6	2	2	2
10	Тех-қ қондыр-ды қайта қалпына келтіру бойынша оператор	5-6	5	5	9
	ҚОРЫТЫНДЫ:				40
	ИТЖ				9
	ЖҰМЫСШЫЛАР				27

Инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың санын есепті жолмен емес, бүгіндері жұмыс істеп жатқан кеніштердің жұмыс тәжірибесіне қарай қабылданған.

Геотехнологиялық алаңдағы жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыс орнына қарай штаттық орналасуы

Еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасына жұмсалатын қаржы құралдары жайлы мағлұмат **ҚОСЫМША Е** көрсетілген

7.3 Еңбекақысыз өндірістік шығындар

7.4 кесте – 2013 жылғы «Төртқұдық» кенішінің қауіпсіздік және қоршағанортаны қорғаудағы іс шаралар жоспары

№	Іс шаралар аты	Жобаланатын шаралар құны
1.	«А» тобының қызметкерлерінің жеке дозиметриялық бақылаудан кткізу	3 974,0
2.	ЕҚ – қа және ТҚШ аймақтарына әсерінің бақылау өлшемдерімен анализін жүргізу	980,0
3.	Маниторингті ұңғымалардан жерасты суларының химиялық сынақтан өткізу	500,0
4.	Маниторингті ұңғымалардан жерасты суларының сынақтарын радиохимиялық және гамма спектрометриялық анализін жүргізу	1 680,0
5.	Ауыр металдарға, рН, H ₂ SO ₄ және басқа да көрсеткіштерге ағызынды сулардың әсерін зерттеу, анализдеу	450,0
6.	Кеңейту жобасын қарастыру (кеңейту + негізгі өндіріс)	5 000,0
7.	Жобаны өңдеу (кеңейту + негізгі өндіріс)	5 000,0
8.	Иелену	250,0
9.	ФООС – қа шегерімдер (лақтырмалар және өндіріс қалдықтары).	15 000,0
10.	Радиоактивті қалдықтарды көму	800,0
11.	«Экологиялық курьер» республикалық газетіне жазылу	35,0
12.	Барлау бұрғыламасын экологиялық және геологиялық түрде жүргізу.	16 368,0
13.	Экологиялық сақтандыру	200,0
14.	Технологиялық ұңғымаларды құрастыру кезінде бұрғылау жұмыстары	9 363,0
15.	ТҚШ және ӨҚ аймағына жинау және шығару	200,0
16.	Атмосфераны ластайтын заттардың бақылау өлшеулерін жүргізу	1 250,0
17.	Радиологиялық зертхана үшін дозиметриялық және улылықты бақылауды қамтамасыз ету үшін аппаратурасын иелену	20 000,0
18.	Территорияны көгалдандыру, көк өсімдіктер көлемін арттыру	400,0
Барлығы:		81 450,0

Басқа да пайдалану шығындары былай есептеледі: өндіруге және қайта өңдеуге кететін жалпы шығындардан негізгі химиялық реагенттерге кететін шығындар, ТКДЖ өтемі, рекультивацияға бөлінетін қаржылар, өндірістік амортизация, өндірістік персоналдың еңбекақысы алынып тасталады да, қалған соманы 365 күнге және қазымдағы блоктың ауданына бөлеміз. Бұл «норманы» блоктың ауданына және қазымдалу уақытына көбейту арқылы басқа да пайдалану шығындарын есептеп табамыз

Блоктын ішіндегі байлау жұмыстарына кететін шығын алдағы жылдың дерегімен алынады. Алынған дерек соманың жұмсалған қаражатын ТКДЖ-дін жалпы көлеміне бөлінеді. 1 м² шығын мөлшерін есептеп шығарады. Осы мөлшерді әр блоктын көлеміне көбейтіп әр блоктын шығын мөлшерін есептейді.

7.5 кесте – Байлау жұмыстарындағы шығын

Блоктын ішіндегі байлау жұмыстарына кететін шығын мын. Тенге	ТКДЖ жалпы көлемі, м ²	Шығын мөлшері, мын. тенге ,1 м ²
54301,2	232600	0,46

Мысалы:

Ішкі байлау жұмыстары 54301,2 мын. тенге 0,46 · 232600

Жалпы 5810011,6 мын. тенге

30 үлен бойынша өндірістің барлық шығыны 390283,87 мын.тенге

7.4 Өнімнің өзіндік құны

ЖШ кешенінің тауарлық өнімі уранмен қаныққан шайыр болып табылады. Өндіріс қызметінің экономикалық бағасы шығынды тұрақты жағдайда және өзгермелі жағдайда бөлу, сондай-ақ шығынның технологиялық тәуелділігі бойынша экономикалық бағалау жүйесін пайдалану болып табылады. Осы әдісті пайдаланып, қорды даындаудың белгілі шамасында табыстың өзіндік құнын тәуелділігін аламыз .

1 т U табыстың өзіндік құнын келесі формула бойынша анықтаймыз

$$Z = \frac{M \cdot P \cdot K_2 \cdot C_{ян}}{П \cdot Q} + \frac{q}{C_u} + \frac{m \cdot \ln(1 - K)}{D \cdot (N + \frac{1}{K}) \cdot K \cdot K_1 \cdot K_2} + \frac{C_p}{E_{см}}, \quad (9.1)$$

мұнда Z- өзіндік құны 1 т U, тг/т;

M- тотығу қуаттылығы, 12,84м;

P- жыныс тығыздығы, кг/м³, 1,66;

П- өнімділігі, кг/м², 1,7;

Д- кен қуаттылығы, т/жыл,2000;

K_2 - ерітіндіні қайта өңдеу коэф.0,8;
 $\Pi_{\text{ұяш}}$ – бір ұяшық құрылысының құны, теңге, 4650;
 $Q_{\text{ұяш}}$ - ұяшық шығыны, м³/жыл, 38340;
 q - 1м³ ерітіндіні қайта өңдеу және шығару құны, теңге/м³, 68;
 K_1 - кинетикалық коэфф.-0,67;
 C_u - қорды өңдеу уақытына кеткен U концентрациясы, т/м³,
 0,0000358;
 m - өндірістің тұрақты шығыны, теңге/ жыл; 34546080;
 E_c -шайыр сыйымдылығы, т/м, 0,022
 Даяр қордың норматив есебін келесі формуламен анықтаймыз

$$N = \frac{A \cdot K_{\text{рез}} \cdot n \cdot E}{P_{\text{жыл}}}, \quad (9.2)$$

мұнда N- даяр қор нормативі;
 A-кенорындағы блоктарды жасау проценті, %, 70;
 $K_{\text{рез}}$ - резерв коэф., жұмыстың көпжылдық тәжірибесі бойынша
 1,25 ұсынылады;
 n- сорып шығарылатын ұңғымаларда жұмыс істейтіндер саны,
 данасы, 13;
 $P_{\text{ұяш}}$ - бір ұңғымадағы өңделген қор, т, 4,06;
 E- жерден уранды шығару коэф., 0,9;
 $P_{\text{жыл}}$ - жылдық табыс, т, 2000

Даяр қорлардың нормативін мән бере отырып анықтаймыз

$$N = \frac{0,7 \cdot 1,25 \cdot 13 \cdot 4,07 \cdot 0,9}{2000} = 0,2$$

Мән бере отырып 1 т U өзіндік құнын формула бойынша анықтаймыз

$$Z = \frac{12.84 \cdot 1,66 \cdot 0,8 \cdot 4650}{1,7 \cdot 38340 \cdot 0,9} + \frac{68}{0,0000358} + \frac{34546080 \cdot n(1 - 0,9)}{2000 \cdot (0,2 + \frac{1}{0,9}) \cdot 0,9(-0,67) \cdot 0,8} + \frac{28.08}{0,022} = 1903459 \text{ тен / т}$$

Қазатомпром НАК 2018 жылға орталық кен басқару бойынша 1т U реализациялық (өткізу) бағасы 21000000 теңге

Әр т U табыс пайданы құрайы:

$$\text{Пайда} = 21000000 - 1903459 = 19096541 \text{ теңге}$$

ҚОРЫТЫНДЫ

Төртқұдық кен орны бойынша табиғи уранды ұңғымалармен жерасты сілтілеу геотехнологиясының өте тиімді екенін осы жоба бойынша байқауға болады. Себебі, жыныстардың геотехнологиялық қасиеттерін зерттеулер мен есептеу жұмыстарының талдауларына байланысты бүленнің ұңғымалар арқылы жерасты ерітінділеу әдісімен қазымдау тиімді болып есептелінеді.

Арнайы бөлімде уранды ұңғымалармен жерсатында сілтілеу кезінде өндіру көрсеткішін жоғарлату қарстырылған. Мұнда күкірт қышқылының концентрациясының әсерінен уранды ұңғымалармен жерсатында сілтілеу кезінде өндіру көрсеткішін жоғарлату туралы толық мәлімет берілді.

Полигонды пайдалануға дайындау бөлімінде ұңғымаларды қазу технологиясы, ұңғыма құрылымдары, электрмен қамтамасыз ету сұлбасы, негізгі геотехнологиялық параметрлерді есептеу жолдары көрсетілген.

Еңбек қауіпсіздігі техникасы мен еңбекті қорғау ережелері мен қалыптары, ұйымдастыру-техникалық шаралары түсіндірме жазбада келтірілген.

Экономикалық есептеулер барысында өндірістік бүленнің пайдалы екендігін растайтын нәтижелер алынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаландарова Н.Т. Созак ауданының физикалық географиясы Созак - 2009, Б. 6-476
- 2 Почвы Чимкентской области. Почвы казахской ССР Г.А.Жихарева, А.Б. Курмангалиев, А... Алматы 1969 «Наука».
- 3 Под общей редакцией Ю.В. Демехова, Б.М. Ибраева, «Геотехнология уран», Алматы: Қазақ университеті, 2017.
- 4 Сергиенко И.А., Мосев А.Ф., Бочко Э.А., Пименов М.К. “Бурение и оборудование геотехнологических скважин”, М.: Недра, 1984, Б. 224.
- 5 Абдульманов И.Г. Жерасты сілтілеу кешендері – М.: Недра, 1992.
- 6 Аренс В.Ж., (геотехнология) Төтелдердегі пайдалы қазба қоры. Алматы, 2000, Б. 49.
- 7 Бровин К.Г. Жерасты шаймаланумен өндеуге арналған уран кенорнын өндірістік бағалау, барлау, іздестіру, болжау – Алматы: Ғылым, 1997, Б. 167.
- 8 Под общей редакцией Ю.В. Демехова, Б.М. Ибраева, «Ремонтно-восстановительные работы на геотехнологических скважинах предприятий ПСВ урана», Алматы: Қазақ университеті, 2017.
- 9 Бровин К.Г., Грабовников В.А., Шумилин М.В., Язиков В.Г. Прогноз, поиски, разведка и промышленная оценка месторождений урана для отработки подземным выщелачиванием. – Алматы: Ғылым, 1997, Б.384.
- 10 Ергожин Е.Е., Мухитдинова Б.А., Шекеева Б.Ж., Боранбаев Б.Ж. Подземное выщелачивание урана (обзор) // Химический журнал Казахстана.- 2008, Б.5-28.

Қосымша А

Төрткүдық Созақ артезиан хауызының оңтүстік-батыс бөлігінде, үшінші ретті Шу-Сарысу артезиан хауызында орналасқан. Созақ артезиан хауызының тік қимасында 2 гидрогеологиялық қабат бөлінеді:

-жоғарғы-мезозой-кайнозойлық топырақ және қысым суларының қабатын сыйдырады;

-төменгі палеозойлық біліммен қосылған аралық қабат және қатпарлы фундаменттен құралған,сызат-қабатынан, сызатты, және сызат-карстық сулар.

Жоғарғы гидрогеологиялық қабатта, өз кезегінде, екі су жүру кешені бөлінеді, өз арасында аймақтық жоғары сутірегімен- тасаран- чегандық көкжиекпен бөлінеді. Бірінше, топырақ-су кешені төрттік-неоген бөлініп шығуы жатады, екіншіге, қысым және палеоцен–эоцендік артезиан су кешендері және кеш борланған тұзулерт жатады. Төрттік- неоген топырақ суларының кешені. Бұл кешеннің бөлініп шығуы споралық немесе жаппай таралады. Жерасты суларының терең жерасты суларының өте шұбарланған құрамымен сипатталады және кең диапозонда ортақ минералданады-тұщы гидрокарбонатты кальцийден немесе оңтүстік шығыста натриден жоғары концентратталған сульфит-хлорлы тұздықтардан хлор-натрилi құрамдардан ағынсыз көл шұңқырлары және сорлар бөлініп шығады. Жаппай тарату шығу орындары су алып жүру көкжиегінен тұрады, олардан асқазансор және бетпақдала нүкерлері бөлініп шығады [6].

Жоғарғы алып борлы емес кешендегі су алып жүру көкжиегі шығарылу орындарында жаппай таралған. Бұл кешеннің бөлініп шығуы платформа режимінің жағдайында қалыптасты. Жалпақ ,інкұдық және Мыңкұдық су алып жүру көкжиектері бөлінген, осылар және ұзақ тұрған саздар біртекті су алып жүру кешенін қалыптастырады. Барлық көкжиектер жақсы фильтрлік қасиеттерімен және су көлемінің молдығымен сипатталады. Кенсыйымдылық фильтрация коэффициентінің бөлініп шығуы гидрогеологиялық ауытқығанда $2,9 \div 7,2$ м/тәул мөлшерінде болады. Ортақ қуаттылық кешені $220 \div 245$ м.

Жерасты суының пьезометриялық беті оңтүстік-оңтүстік-шығыстан, солтүстік-солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Оңтүстік фланг шығару – орнында ол 43 м биіктікте орналасады, Инкайда -1,5 м.

Жерасты суларының кешенінде минералдану өшу жағдайы қоректену аймағына және тиеуге байланысты, нәтижесінде қайтадан бөлініп шығады, сонымен қатар осьтік бөліктегі инфильтрация өседі. Осылай терең емес мекенорындары және жоғары борлы емес бөлініп шығулардың бетке шығуы (Мыңкұдық көкжиегі) тау бөктерлерінде Қаратау жотасында жерасты сулары $0,5 \div 1,5$ г/л минералдан тұрады, ось ағыны бойынша оңтүстік минерал 1,8 г/л – ден тұрады және $3,5 \div 3,6$ г/л солтүстікте (Инкай), зонадан активті су айырбасын өшіргенде ол 5,5 г/л дейін ұлғаяды. Бұл көкжиектердің дебиті 5 л/сек мөлшерінде өзгереді, яғни қалыпты жағдай мөлшерінен 19 метрден 15,7 л/сек-қа дейін, 216 м төмендеуімен. Инкұдықтағы уранды жерасты суларының бөлініп шығуы клесідей сипатталады: оттегінің жаппай жетіспеуі, яғни оттегі- қалыптастыру мөлшері өте аз, сонымен қатар күкіртті сутегі бар және рН мәні

берілген, ол жақын нейтралдылықты және әлсіз су қышқылы реакциясын анықтайды.

Судағы уран концентрациясы $2,5 \cdot 10^{-4}$ г/л, радий $-8,2 \cdot 10^{-10}$ г/л.

Жерасты суларындағы элемент қатарларының ішінде кен шығарылым-қорының жоғары концентрациясын(г/л) :Mg - $1,0 \cdot 10^{-5}$; Zn - $1,4 \cdot 10^{-4}$; Re - $1,8/2,0) \cdot 10^{-7}$ дейн.


Төртқұдық Созақ артезиан хауызының төменгі қанатында орналасқан, оның жапсарында гидрогеологиялық массивтелген Қаратау жотасының көтерілген бөлігі бар. Мұндай жағдай қарастырылып отырған территориясында көрсетіледі, аймақтық жоспар факторы сияқты, жергілікті локалдық жүйеде қарастырылады.

ҚОСЫМША Б


Б.1 кесте - Ағымдағы сызықтарды моделдеуге арналған деректер

Сұлба, жолдар арасындағы қашықтық – сорғы станциялары арасындағы – жолдардағы құйылу арасындағы	block_1	block_1_2	block_1_3	block_1_4
	60-30-25	60-30-30	60-35-30-(35)	60-40- (15-30)-40
Сорғы қондырғыларының саны	5	5	4	3
Жүктелетіндер саны	14	12	11	13
Сорғы дебеті, $\text{м}^3/\text{с}$	10	10	10	10
Жүктемені орташа қабылдау, $\text{м}^3/\text{с}$	3,6	4,2	3,6	2,3
$N_{\text{жүктеу}}/N_{\text{сорғы}}$	2,8	2,4	2,8	4,3

Модельдеу нәтижелері 2.1-2.4 – суреттерде көрсетілген.



Б.1 сурет – Блоктар үлгілері үшін ток сызықтары:
60-30-25м(сол жақ) және 60-30-30м(оң жақ).



Б.2 сурет – Блоктар үлгілері үшін ток сызықтары:

60-35-30м(сол жақ), яғни сол жақтағы ұңғымалардың қашықтығы – 30м, оң жақта – 35м және 60-40-40м(оң жақ) яғни, оң жақтағы ұңғымалардың қашықтығы – 30м.

Б.1 сурет екі модельде ТКМ өте қарқынды зерттеу көрінеді. Экстремалды ұңғылардың екі жағында да су құятын ұңғымалардың жабық блогына қарай орналасқан тек тоқырау аймақтары ғана белгіленеді. Екінші суретте жағдай өзгереді. Мұнда сорғы ұңғымалары арасында таза тұрақсыз аймақтар анықталған және соңғы модельде сорғы ұңғымалары арасында тоқырау аймақтарымен байланыстырылатын дұрыс құю жолы мен сорғы сызығы арасындағы ұзын тар аймақтар бар. Солардың қатарында 15-18 м қашықтықтағы инъекциялық ұңғымаларды қалыңдату орнында елеулі құқықтық миграция байқалады.

Осылайша, ұңғымалар арасында 40м дейінгі қашықтық тоқырау аймақтарының пайда болуына әкеледі, ал 18м-ден аз қашықтық әр түрлі инъекциялық ұңғымалардан ағындарды араластыру салдарынан пайда болған қысымның ұлғаюына әкеліп соғады, соның салдарынан, жанама таратудың айтарлықтай саны артады. Басқа табиғи параметрлермен модельдеу нәтижелері алынған нәтижелерге өте жақын болады деп айтуға болады. Айтарлықтай айырмашылықтар сатылымның дисперсиясы мен сүзу қарқындылығының күрт өзгеруімен ғана байқалады.

Желінің геометриялық параметрлерін қозғайтын факторлар:

1. K_f түріндегі ТКМ өткізгіштігі. Басқа тең мәндер, жоғары K_f мәндері сирек желілерді қарастыруға мүмкіндік береді және керісінше.

2. Өте қышқыл ортада K_f -мен тығыз байланыс кезінде ТКМ-ның өткізгіштігі анықталды. Кейбір жағдайларда түтікшелердің бітелуімен бірге K_f -нің күрт төмендеуі және айналымның есептелген аралығынан жоғары / төменгі ерітінділердің көші-қоны, шешімдердің бір бөлігін жоғалту мүмкіндігі кросс ұңғымалы колемация процесін жүргізуі мүмкін.

3. Кенді минералдану факторлары - руданы өнімділік пен қуаттылықты бөлу, руданың және тиімді қуаттылықтың үлестірілуі - қолайсыз құндылықтармен бірге ашу немесе бас тартудан бас тарту туралы шешімді қабылдау кезінде экономикалық шектеулер ретінде әрекет етеді.

4. ТКМ негізгі литологиялық құрамы. Жалпы ереже - ТКМ еніп кеткен бөлігінің құрамы жіңішке болған сайын, саз компонентінің саны көп болады, балшық құрамында реактивтік монтмориллонит салыстырмалы саны көп болады, кеуектер белсенді сүзу аймағында бөлінеді және қышқылдау барысында ашық тері қимылдарының бітелу ықтималдығы көбірек болады. Тиісінше, қышқыл ерітінділерінің қозғалысына орташа қарсылықтың өсуі есепке алынады, бұл аз болады, сорғы мен сорғыш ұңғылар арасындағы қашықтық азаяды.

5. Геологиялық секцияның ерекшеліктері, ең алдымен, трансреспонденттік сипатта болады, төменгі су қоймасының болуы және


рудадағы кен орны болуы. Сүзгілердің төменгі шеттерінен төменгі су ұстаушының шатырына дейін 5-6 м-ден асады, әсіресе төменгі су өткізбейтін болмаған кезде ерітінділердің көлемін азайтады, әсіресе ағын суларының құлауы немесе блоктың тоқтаған кезде. Қосымша бұрғылауға әкеп соқтыратын қоспалардың кері қайтарылмайтын жоғалу мүмкіндігі бар. Кескіннің мұндай ерекшеліктері жиі желіні талап етеді.

Рудалық корпустың ені тікелей ашылу желісінің морфологиясына әсер етеді. 50 м радиуста алты қырлы габаритті әр жағынан 25 м секцияның кенішсіз бөліктерінде болғандықтан, 50 м тереңдікке дейін кенді ашу керек екендігі белгілі. Тар кеніш түзу немесе желілік сұлбасымен, ал кеңірегін ұялы немесе сызықты сұлбалармен ашылған деп болжануда.

6. Пластикалық су деңгейінің табиғи позициясы. Өздігінен оңтайлы деңгейде болған жағдайда, бір сорғы ұңғымасына айдау сорғыларының көп саны қажет және керісінше.

7. Поршеньдік кеңістіктің құрылымының ерекшеліктері, атап айтқанда сүзу жылдамдығының дисперсиясының сипаттамалары – бойлық және көлденең сүзгілеудің негізгі бағыты. Ұзындығы мен көлденең өзгермелілігі коэффициенттері немесе тұрақтылары ретінде түсіндіріледі. Әдетте олар есепке алынбайды, бірақ бұл инъекциялық ұңғымалар арасында сүзуге болатын ерітіндінің ағынының ені үшін жауап беретін осы сипаттамалар. Іс жүзінде, сүзгілеу мөлшерлемелерінің дисперсиясы қатардағы инъекциялық ұңғымалар арасындағы қашықтықтың геометриялық шектеулерін және қандай да бір конфигурациялардың негізсіз сирек желілерімен тоқырау аймақтарының пайда болуын анықтайды.

